

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар

Государственные нормативные документы в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства

**КӨП ПӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҮЙ МАҢЫНДАҒЫ
АУМАҒЫННЫҢ АЛАҢЫН АНЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ
НҰСКАУЛЫҚ**

**ИНСТРУКЦИЯ ПО ОПРЕДЕЛЕНИЮ ПЛОЩАДИ
ПРИДОВОМОЙ ТЕРРИТОРИИ МНОГОКВАРТИРНЫХ
ЖИЛЫХ ДОМОВ**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және
жер ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2014

Алғы сөз

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН** «Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы
- 2 ҰСЫНЫЛҒАН** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормативтік басқармасы
- 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтақсандағы № 155-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1 мамырдан бастап енгізілді
- 4 ОРНЫНА** алғаш рет

Осы мемлекеттік норматив сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы ҚР Үкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

- 1 РАЗРАБОТАН** Акционерным обществом «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН** Управление технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2014 года № 155-НҚ с 1 мая 2015 года
- 4 ВЗАМЕН** впервые

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа РК в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства.

Содержание

Кіріспе	
1 Қолдану саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер, айқындамалар мен қысқартулар	2
4 Белгілер мен қысқартулар	4
5 Жалпы ережелер.....	4
6 Көп пәтірлі тұрғын үйлердің үй маңындағы аумағының алаңын анықтау тәртібі.....	6
7 Көп пәтірлі тұрғын үйлердің үй маңындағы ұсынылған аумағының алаңын анықтау жөніндегі ұсынымдар.....	10
8 Көп пәтірлі тұрғын үйлердің үй маңындағы аумағын ресімдеудің құқықтық мәселелер жөніндегі ұсынымдар.....	12
9 Көп пәтірлі тұрғын үйлердің үй маңындағы аумағының алаңын есептеу үлгісі	13
Қосымша А.....	16
Қосымша Б.....	17
Қосымша В.....	19
Қосымша Г.....	20
Қосымша Д.....	21
Қосымша Е.....	22
Қосымша Ж.....	23
Қосымша К.....	24
Қосымша Л.....	25
Қосымша М.....	27
Қосымша Н.....	29
Библиография.....	31

Кіріспе

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кондоминиум объектісі – бұл жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің жеке (бөлек) меншігіндегі және ортақ үлестік меншік құқығындағы оларға тиесілі ортақ мүліктер, тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардан тұратын бір ғана дара мүліктік кешен.

Ортақ мүлікке құқықтардың туындауын зерттей отырып, көппәтерлі тұрғын үйді ортақ пайдалану құрамына орын кіріп қана қоймайды, ол орналасқан жердегі жер учаскелерінің де кіретінін ұмытпаған жөн.

Жер учаскелері– бұл кондоминиум объектісінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, ол болмаған жағдайда, кондоминиум құру мүмкін емес және ортақ үлестік меншік құқығындағы үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелеріне тиесілі.

Бүгінде көппәтерлі тұрғын үйге жанасып жатқан жер учаскесін (үй жанындағы аумақ) ұстауға қатысты көптеген проблемалар, тұрғын үйлердің меншік иелерінде түрлі мәселелерді туындатып отыр. Бұл үй маңындағы аумаққа қатысты, оның шекаралары қандай, үй маңындағы аумақтың жай-күйіне кім жауап береді?

Осылайша, жер қатынастарының реттелмегендігі бүгінде көптеген дауларға әкеп соғады, өйткені Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған әртүрлі үйлерге арналған көлеміне белгіленген нұсқаулар жоқ.

Үй маңындағы аумақ көппәтерлі тұрғын үйге (немесе бірнеше үйлерге) бекітілген жер учаскесі деп аталады. Үй маңындағы аумақтың ортақ алаңы және оның шекаралары Қазақстан Республикасының жер заңнамасында көзделген құрылыс активтерінің ережелеріне және Қазақстан Республикасының қала құрылысының қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалады. Бұл ретте үй маңындағы жер бөлудің негізгі өлшемдері үйдің (немесе үйлердің) нақты көлеміне, сондай-ақ шағын ауданның жалпы пайдалы алаңына байланысты.

Ортақ мүліктің құрамына көппәтерлі үй орналасқан жер учаскесі және осы мемлекеттік кадастрлық есептің негізінде белгіленген, көгалдандыру мен абаттандыру элементтері бар шекараларыенгізіледі, сондай-ақ бір көппәтерлі үйге қызмет көрсетуге, пайдалану мен абаттандыруға арналған өзге де объектілер, трансформаторлық кіші станцияларды, жылу пункттерін, ұжымдық автотұрақтарды, өртке арналған өтпе жолдарды, кір кептіргіштерді, гараждарды, балалар және спорт алаңдарын қоса, жер учаскесінің шекараларында орналасқан көппәтерлі тұрғын үй иелік етеді.

КӨП ПӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ МАҢЫНДАҒЫ АУМАҚТАРДЫҢ АЛАҢЫН АНЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Енгізілген күн – 2015-05-01

1 Қолдану саласы

1.1 Көппәтерлі тұрғын үйлердің үй маңындағы аумағының алаңын айқындау жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) тұрғын үй қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді іске асыру мақсатында әзірленді және кондоминиум объектісінің қазіргі бар жер учаскесінің шекараларын белгілеу, кондоминиум объектісінің жылжымайтын мүлкіне құқық ресімдеу тәртібін айқындайды.

1.2 Осы Нұсқаулықтың негізінде кондоминиум объектісін басқару органдары көппәтерлі тұрғын үйлердегі жер учаскелерінің ұсынылған көлемдері айқындалады.

1.3 Нұсқаулық жергілікті атқарушы органдарға арналған (жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдар, тұрғын үй инспекциялары, сәулет және қала құрылысының жергілікті органдары) кондоминиум объектісін, кондоминиум учаскелерін басқару органдарына арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Нұсқаулықты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Қазақстан Республикасының Жер кодексі.

«Қазақстан Республикасындағы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» 2001 жылғы 16 шілдедегі 242-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Қазақстан Республикасының Заңы.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310 Қазақстан Республикасының Заңы.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстау ережесі//Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1421 қаулысымен бекітілген.

Кондоминиум үй-жайларының меншікиелеріне (қатысушыларына) жер учаскесін берудің тәртібі // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 желтоқсандағы № 1813 Қаулысымен бекітілген.

«Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1431 Қаулысымен бекітілген.

Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесі // Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген.

Тұрғын қорын техникалық пайдалану // Қазақстан Республикасының құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі агенттігінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 606 бұйрығымен бекітілген.

Үй маңындағы аумақты күтіп-ұстау кезінде жұмыстар ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі Нұсқаулық // Қазақстан Республикасының құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі агенттігінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 5 бұйрығымен бекітілген.

ҚР ҚНЖЕ 3.01.-01- 2008* Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу.

ҚР ҚНЖЕ 3.02.-43- 2007* Тұрғын үйлер.

ЕСКЕРТПЕ – Құрылыс нормаларын орындау кезінде «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіші» жыл сайын басып шығарылған ақпараттық көрсеткіштің сілтемелік стандарттары мен топтастырғыштардың сілтемелік іс-әрекетін тексерген орынды, ағымдағы жылы жарияланған, жыл сайын басып шығарылатын ақпараттық көрсеткіштерге сәйкес ағымдағы жылдың жай-күйі жөніндегі «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткішін», сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған СҚҚК «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Нормативтік құқықтық актілер және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесін» тексерген жөн. Егер сілтемелік құжаттар ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативтік құжатты пайдалану кезінде ауыстырылса (өзгертілген) құжат басшылыққа алынады. Егер сілтемелік құжаттар ауыстырылған болса, онда сілтеме жасалған ереженің осы сілтемені қозғамайтын бөлігі қолданылады.

3 Терминдер мен айқындамалар

Осы Нұсқаулықта тиісті айқындамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Жылжымайтын қайталама объекті: Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, меншік құқықтарын (өзге де заттық құқығын) тіркеу мақсатында оларға жеке (бөлек) объектілер сияқты кадастрлық нөмір беріледі.

3.2 **Жер учаскесі:** Қазақстан Республикасының Жер кодексімен белгіленген тәртіппен жер қатынастарының субъектілеріне бөлінген тұйық шекаралардағы жер бөлігі.

3.3 **Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаты:** Жер, құқықтық және қала құрылысы кадастрларын жүргізу мақсаттарына қажетті, жер учаскесінің сәйкестендіру сипатын қамтитын құжат.

3.4 **Кворум:** Осы жиналысты тану үшін және оның күн тәртібі бойынша шешім қабылдауға құқылы жиналысқа (отырысқа) қатысушылардың саны.

3.5 **Қызыл сызық:** Кварталдардың, шағын аудандардың, елді мекендерді жоспарлау құрылымындағы өзге де элементтердің аумақтарын көшелерден (өтпе жолдардан, алаңдардан) бөліп тұратын шекаралар. Қызыл сызықтар, әдеттегідей, құрылыс салу шекарасын реттеу үшін қолданылады.

3.6 **Кондоминиум объектісі:** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген жер учаскесінен, бастапқы және қайталама объектілерінен кондоминиум нысанындағы жылжымайтын мүліктен тұратын мүліктік кешен.

3.7 **Шекті пайдаланудағы ортақ мүлік:** Белгіленген тәртіппен пайдалануға жекелеген меншік иесіне (меншік иелеріне) беріліп отырған ортақ мүліктің жекелеген бөлігі.

3.8 **Тұрғын үйдің (тұрғын үй-жайдың) ортақ мүлкі:** Барлық тұрғын және тұрғын емес алаңдардың сомасы, сондай-ақ ортақ мүлік болып табылатын тұрғын үйдің бір бөлігінің алаңдары.

3.9 **Бірінші жылжымайтын объекті:** Әртүрлі функционалдық мақсаттағы үйлер мен ғимараттар, сондай-ақ ерекше реттелетін және қала құрылысындық регламенттелетін объектілер.

3.10 **Тұрғын үйдің (тұрғын үй-жайдың) пайдалы алаңы:** Тұрғын үйдің тұрғын және тұрғын емес алаңдарының сомасы.

3.11 **Жерді пайдалану құқығы:** Мемлекеттің меншігінде тұрған жер учаскелерін мерзімсіз иеленген және пайдаланған (жерді мерзімсіз пайдаланған) немесе белгілі бір мерзімге (жерді уақытша пайдалану) қайтару және (немесе) қайтармау негізінде пайдаланған адамның құқығы.

3.12 **Сервитут:** Бөтен жер учаскесін және (немесе) басқа жылжымайтын объектіні шектелген мақсатты пайдалану құқығы, оның ішінде поездың өтуі үшін, қажетті коммуникациялар мен өзге де қажеттіліктерді төсеу және пайдалану.

3.13 **Кондоминиум объектісіне қатысушылардың жиналысы:** Кондоминиум объектісін басқаруға және күтіп-ұстауға байланысты ұжымдық талқылау мен шешімдер қабылдау үшін үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің алдын ала белгіленген орынға және белгіленген уақытта бірлесіп келуі.

3.14 **Техникалық төлқұжат:** Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеудің нәтижелері бойынша белгіленген нысанда жасалған

құжат, техникалық, теңестірілген құқықтық кадастрды жүргізуге қажетті объектінің бастапқы және екінші сипаттамасы.

3.15 Жер қатынастары жөніндегі өкілетті орган: Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының жер қатынастары саласындағы функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше.

3.16 Кондоминиумның қатысушылары: Жеке және заңды тұлға, жылжымайтын мүліктің жекелеген бөлігі дара (жеке) меншік иесінің (өзге құқыққа) тиесілі, ал жылжымайтын мүліктің дара меншікте тұрмайтын сол бөлігі, оның ішінде жер учаскесі, жылжымайтын мүліктің бөлігіне деген құқығынан ажырамас жалпы үлестік құқығына дара (жеке) меншік иесінің (өзге құқыққа) тиесілі.

4 Белгілеу және қысқарту

Құрылыс нормалары мен ережелері: ҚНЖП

«Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитарлық ереже: СЕ

5 Жалпы ережелер

5.1 Көппәтерлі тұрғын үйлер маңындағы аумақтың алаңын айқындау және кондоминиум объектісін бірыңғай мүліктік кешен, жылжымайтын мүлік ретінде қалыптастыру мақсатында олардың шекараларын белгілеу, кондоминиум объектісіндегі үй-жайлардың (пәтерлердің) әрбір меншік иесіне келетін ортақ меншіктегі жер үлесін белгілеу, оның меншігінде тұрған үй-жайлардың алаңына сүйене отырып жүргізіледі, қалалық және селолық елдендіру жерін тиімді пайдалану және оларды абаттандыру деңгейін арттыру, салық салу, жылжымайтын мүлікті есепке алу мен оны мемлекеттік тіркеу құқықтарын және олармен кондоминиумдардағы мәміле жасау жүзеге асырылады.

5.2 Үй іргесіндегі аумақтың құрамына:

1) көппәтерлі тұрғын үйлер маңындағы және тұрғын көппәтерлі тұрғын үй маңындағы аумақтың жер учаскесі;

2) кондоминиум объектісіне апаратын жолдар, жаяу жүргінші жолдар мен өтпе жолдар, көгалдандырылған аумақ, жеңіл автомобильдерді қоюға арналған алаңдар, шаруашылық мақсаттарға арналған алаңдар, ойын және спорт алаңдары кіреді.

5.3 Үй маңындағы аумақ жалпы талаптарға:

1) санитариялық-эпидемиологиялық;

2) қала құрылысы;

3) өртке қарсы тәрізді талаптарға сай келуге тиіс.

5.4 Кондоминиум объектісінің жалпы үлестік меншігіндегі жер учаскесі кондоминиум объектісінің бөлінбейтін және ажыратылмайтын бөлігі болып табылады.

5.5 Тұрғын үйдің және (немесе) тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері – кондоминиум қатысушылары жер учаскелеріне орналастыру, пайдалану үшін қажетті, бастапқы объектіні күтіп-ұстауға, жалпы үлестік меншік құқығын алады.

5.6 Кондоминиум қатысушыларының біреуінің кондоминиум объектісінің құрамына кіретін бөлінбейтін жер бөлігіне дара (жеке) меншік құқығын алуға жол берілмейді.

5.7 Жалпы үлестік меншік құқығына тиесілі ортақ мүліктің құрамына көппәтерлі тұрғын үйдегі үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленеді.

5.8 Жер учаскесіне арналған кондоминиум қатысушыларының жалпы үлестік меншік құқығы (жерді үлестік ортақ пайдалану құқығы) Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке арналған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен тіркеуге жатады.

5.9 Бірнеше кондоминиумдардың (балалардың ойын алаңы, шаруашылшық-тұрмыстық алаңдар, жасыл көшеттер, демалуға арналған алаңдар, жеңіл автомобильдерді қоюға арналған алаңдар, инженерлік желілер имараттары мен коммуникациялары (жерге орналастыру жобасындағы инженерлік желілердің контуры көрсетіледі) және басқа объектілер) бірнеше кондоминиумдардың ортақ пайдалануындағы объектілер орналасқан жердің ережесімұндай жерді ортақ үлестік меншік құқығындағы не болмаса ортақ жер және (немесе) сервитут пайдалануға мүдделі кондоминиумдардың қатысушыларына беру кезінде определяется айқындалады.

5.10 Ортақ үлестік меншікте (ортақ үлестік жер пайдалану) тұрған жер учаскесін пайдалану тәртібі кондоминиум қатысушыларының арасында жасалған шартпен белгіленеді.

5.11 Қалалар мен басқа елді мекендердің жаңадан игерілген аумақтары үйге іргелес жатқан аумақта жаңа үй салу кезінде Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және «Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес учаскені кейінен үй-жай салу үшін қалыптастыру кезеңінде айқындалады.

6 Көппәтерлі тұрғын үйлер маңындағы аумақтарды айқындау тәртібі

6.1 Кондоминиум объектілерінің жер көлемдерін айқындау және жер учаскелерінің шекараларын белгілеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес айқындайды.

6.2 Кондоминиум объектілері жер учаскесінің көлемі нақты қалыптасқан құрылыстарды және жобада белгіленген құрылыстардың талаптарын ескере отырып айқындалады.

6.3 Бірнеше көппәтерлі тұрғын үйлердің пайдалануына берілген жер учаскесі бөлінетін және бөлінбейтін болуы мүмкін. Бөлінетін жер учаскесі мақсатты орнын өзгертпестен және өртке қарсы, санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық тәртіп бұзушылықтарсыз болып табылады, Қазақстан Республикасының қала құрылысы заңы бойынша жер бөлінгеннен кейін әрқайсысы дербес жер учаскесінің әрбір бөлігі дербес жер учаскесі болып қалуы мүмкін, олай болмаған жағдайда ол бөлінбейтін болып қала береді.

6.4 Кондоминиум объектілерінің ортақ бірлескен меншігіндегі (ортақ бірлескен жер пайдалану) жер учаскесін бірнеше жер учаскелеріне бөлуге осы учаскеге бөлу жүргізуді қалайтын, санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық, өртке қарсы, Қазақстан Республикасының қала құрылысы заңнамалары сақталған жағдайда, кондоминиумның барлық қатысушыларының жазбаша келісімімен жол беріледі.

6.5 Кондоминиум объектісі жер учаскесінің шекараларын бір көппәтерлі тұрғын үйді орналастыру мен пайдалану қажеттігіне орай белгілеген жөн.

6.6 Кондоминиум объектісі жер учаскесінің шекараларын белгілеу кезінде жер учаскесінде функционалдық элементтердің бар болуы ескеріледі (шаруашылық, дене тәрбиелік, балалардың ойын алаңдары, дем алуға арналған алаң, өтпе алаңдары, жеңіл автомобильдерді қоюға арналған алаң, инженерлік желілер мен басқа да имараттар.).

6.7 Жер учаскесінің шекарасына көппәтерлі тұрғын үйді, кондоминиум құрамына кіретін өзге де жылжымайтын объектілер, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін (қызмет етуін) қамтамасыз етуге қажетті оларға іргелес жатқан аумақ, қала құрылысы нормативтерін, өртке қарсы қауіпсіздікті, үй-жайлар арасындағы санитарлық алшақтықтарды және көппәтерлі тұрғын үйде тұратын және келген азаматтардың арасындағы қалыпты жағдайларды қамтамасыз ететін талаптардың сақталуын ескере отырып, кондоминиум құрамына кіретін тұрғын үй-жайлар мен өзге де мүліктерге қызмет көрсететін, сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үйдің барлық объектілеріне қол жеткізу.

6.8 Кондоминиум объектісі жер учаскесінің шекаралары жер учаскесінің және жер пайдаланушылардың аралас меншік иелерінің мүдделері ескеріле отырып белгіленеді.

6.9 Кондоминиум қатысушыларына берілген кондоминиум объектісі жер учаскесінің шекаралары қызыл сызық бойынша сызықтың сыртқы жағынан, кварталдың ішкі жағынан – өтпе жолдың желілері арқылы емес, аралас жер учаскелері арқылы жүріп-тұру желілері өту көзделген.

6.10 Қазіргі бар үй мен ғимарат белгіленген көшенің қызыл сызығынан, кондоминиум объектісі жер учаскесінің шекарасынан шығып кеткен жағдайда, көше жағының оның сыртқы шекарасынан бір метр қашықтықтағы үйдің контуры бойынша орналастыруға жол беріледі.

6.11 Тар жерге орналасқан қалалық құрылыс жағдайында, қалыптасқан аулалық кеңістікті жеке жер учаскелеріне бөлу кезінде қалыптасқан құрылыстың осы кварталында халық тіршілігінің функционалдық, технологиялық, көліктік және өзге де әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларында кондоминиум объектілерінің жер учаскелерін ең аз деңгейіне дейін, тіпті кондоминиум объектілері ұсынған қорғаныштың әрқайсысы бойынша олардың шекараларын белгілеуге дейін ең аз көлемге дейін азайтуға жол беріледі.

Бұл ретте аулалық кеңістіктің жер учаскелері осы аулалық кеңістікке қатысы бар кондоминиум қатысушыларына ортақ үлестік меншікке немесе ортақ жер пайдалануға беріледі. Мұндай жер учаскесіне жер учаскесіне арналған дербес сәйкестендіру құжаты жер заңнамасына сәйкес беріледі.

6.12 Тұрғын кварталдарда (шағын аудандарда) ортақ пайдаланылатын алаңдарды (негізгі өтпе жолдар, балаларға арналған, дене тәрбиесі мен спорт алаңдары және ғимараттар, көгалдандырылған массивтер, жеңіл автомобильдерді қоюға арналған алаңдар, ортақ пайдаланудағы өзге объектілер) орналастыруды көздеу қажет, халықтың демографиялық құрамы ескерілген өзге де әртүрлі белгілеулер, құрылыс үлгілері, табиғи-климаттық және басқа жергілікті жағдайлар.

6.13 Кварталдың (шағын ауданның) шекараларындағы ортақ пайдаланылатын аумақ немесе жоспарлау құрылымының басқа элементтері қалыптастырылуға тиіс, және үйге ортақ меншікке немесе кондоминиум қатысушыларына шектеулер мен сервитуттар бойынша талап белгілеумен ғана берілуі мүмкін.

6.14 Үйдің қорғанышынан тыс (шегінен тыс) орналасқан жер учаскесін пайдалану тәртібі кондоминиум қатысушыларының қоғамдық, санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық, өртке қарсы мүдделерді сақтай отырып, Қазақстан Республикасының қала құрылысы заңнамасына сәйкес айқындалады.

6.15 Кондоминиум қатысушылары жер учаскесін беру не жер учаскелерінің шекараларын өзгерту туралы мәселе бойынша шешім

қабылдайтын болса, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жиналыс өткізу қамтамасыз етіледі.

6.16 Жиналыс кондоминиум объектісін басқару органының бастамасы, сондай-ақ үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің кем дегенде оннан бір бөлігінің талап етуі бойынша өткізіледі.

6.17 Кондоминиум объектісі қатысушыларының жиналысы кондоминиум қатысушыларының жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда (кворум болса) құқылы болмақ.

6.18 Кондоминиум объектісі қатысушылары жиналысының шешімі кондоминиум қатысушыларының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

6.19 Кондоминиум объектісі қатысушыларының жиналысы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан, облыстық маңызы бар қала, аудандық маңызы бар қаланың әкімі, кенттің, ауыл, жер учаскесі орналасқан орын бойынша ауылдық округтердің жергілікті атқарушы органдарына өтінішпен жүгінуге өкілеттік берілуге тиіс.

6.20 Өтініш осы Нұсқаулықтың А қосымшасына сәйкес екі данада ресімделеді және кондоминиум объектісі қатысушыларының жиналысы өкілеттік берген адам немесе кондоминиум объектісін басқару органының басшысы қол қояды.

6.21 Өтініште кондоминиум объектісінің қысқаша сәйкестендіру сипаттамасы (кондоминиум объектісінің атауы, почта мекенжайы, тұрғын және тұрғын емес үй-жайларының, дара (жеке) тұратын кондоминиум қатысушылары меншік иелерінің саны, қабаттылығы, үйдің жалпы алаңы, құрылыс пенғимарат), өкілетті тұлғаның деректемелері және басқа да қажетті мәліметтер көрсетіледі.

6.22 Өтінішке:

1) жылжымайтын қайталама объектіге арналған құқық санатын көрсете отырып, кондоминиумның объектісі барлық қатысушыларының тізімі;

2) осы Нұсқаулыққа берілген Б қосымшасына сәйкес кондоминиум объектісі қатысушылары жиналысының хаттамасы;

3) кондоминиум қатысушыларын немесе олардың кондоминиум қатысушыларының жалпы жиналысына жер учаскесін беру мәселесі бойынша, осы Нұсқаулыққа берілген В қосымшасына сәйкес жалпы жиналысына қатысқан өкілдерінің тіркей парағы;

4) осы Нұсқаулыққа берілген Г қосымшасына сәйкес көппәтерлі тұрғын үй жанындағы жер учаскесі шекарасының сызбасы;

5) кондоминиум объектісі қатысушыларының жер учаскесін беру мәселесі жөнінде жиналысын өткізу туралы не жер учаскесінің шекараларын өзгерту туралы хабарламаның көшірмесі;

б) кондоминиум қатысушыларының ашық немесе жабық дауыс беру кезіндегі, сондай-ақ жазбаша сауалнама өткізу кезінде осы Нұсқаулыққа берілген Д қосымшасына сәйкес дауыс беру парағы;

7) кондоминиум қатысушылары өкілінің нотариалдық расталған, осы Нұсқаулыққа берілген Е қосымшасына сәйкессенімхаты;

8) объектінің техникалық, сәйкестендіру сипатын қамтитын және жылжымайтын мүлікті техникалық зерттеулерінің нәтижелері бойынша жасалған және жылжымайтын мүлік бойынша облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының, олардың филиалдарының жылжымайтын мүлікжөніндегі Орталығы, сондай-ақ ХҚО — халыққа қызмет көрсету орталығы берген техникалық паспорты;

9) жер учаскесін бөліп беру туралы құжаттардың көшірмелері (бар болса) қоса тіркеледі.

6.23 Өтініштің құжаттарды қабылдағаны туралы белгі соғылған бір данасы (өтінішті қабылдаған күні мен тіркелген нөмірі) кондоминиум объектісі қатысушыларының өкілетті жиналасымен өкілеттік берілген тұлғаға немесе кондоминиум объектісін басқару органының жетекшісіне беріледі.

6.24 Жер учаскесіне құқық беру туралы өтініш үш күннің ішінде жер учаскесінің тұрған орны бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астаналардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың өкілетті органдарына түседі, (сәулет және қала құрылысының органдарымен бірлесіп елді мекендерде) мәлімделген мақсатты белгілеу бойынша аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес сұратылып отырған жер учаскесін пайдалану мүмкіндігін айқындау.

Жер учаскелеріне құқық беру туралы өтінішті қараудың жалпы мерзімі ол түскен сәттен бастап екі айды құрайды.

6.25 Кондоминиум объектілеріндегі жер учаскелерінің көлемін айқындау және оның шекараларын белгілеу үшін жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жасақталған комиссия құрылады, оның құрамына жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы жөніндегі органдардың және басқа өкілетті органдардың мамандары, сондай-ақ бұйрықтың негізінде кондоминиум объектісін басқару органдарының өкілдері кіреді.

6.26 Комиссия есептегі әрбір квартал бойынша техникалық түгендеу деректерін, жобалау-жоспарлау және қала құрылысы құжаттамасын, инженерлік-көліктік инфрақұрылымдар жоспарларын, бұрын жүргізілген жер бөлу құжаттарын жинау жүргізіледі және осы материалдардың негізінде әзірленеді:

1) қазіргі бар кондоминиумдер объектілерінің жер учаскелері шекараларының жобалық жоспарлары;

2) осы жер учаскелерін бөлу жөнінде іс-шаралар жоспары әзірленеді.

6.27 Қазіргі бар кондоминиум объектілеріне жер бөлу бойынша іс-шаралар Жоспары жергілікті атқарушы органының қарауына ұсынылады.

6.28 Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган құрған комиссияның негізінде жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарымен жер учаскелеріне құқық беру туралы жерге орналастыру жобасын әзірлеу ұйымдастырылады.

6.29 Жерге орналастыру жобасының құрамында ұсынылған жер учаскесінің алаңы, оның шекаралары мен орналасқан орны, жер учаскесі мен жер пайдаланудың аралас меншік иелері, сондай-ақ ұсынылған жер учаскесінің ауыртпалық түсіру мен сервитуттар нақтыланады.

6.30 Бекітілген жерге орналастыру жобасының негізінде жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша уәкілетті орган жергілікті атқарушы органның жер учаскелеріне тиісті құқық беру туралы шешімінің жобасы дайындалады.

6.31 Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтары әкімдерінің жер учаскесін беру туралы шешімі комиссиялар мен жерге орналастыру жобасының оң қорытындысының негізінде қабылданады.

6.32 Кондоминиум қатысушыларына жер учаскесіне құқық беру туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің жобасы мыналарды:

- 1) жерге құқық беретін заңды немесе жеке тұлғалардың атауын;
- 2) жер учаскесінің мақсатты белгілерін;
- 3) жер учаскесінің алаңын;
- 4) жерге берілетін құқықтардың түрлері, ауыртпалық түсіру, сервитуттар; сатып алынған жер учаскесінің бағасы немесе жер пайдалану құқықтары учаске ақшаға берілген жағдайда, жер учаскесін сатып алу-сату шарттарын жасаудың мерзімдері мен талаптары;
- 5) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (олар бар болса) немесе заңды тұлғаның атауы, одан жер учаскелерін олардың көлемдерін көрсете отырып, мемлекеттік мұқтаждарға алып қою, мәжбүрлеп иеліктен айыруды;

6) өзге талаптарды қамтиды.

6.33 Кондоминиум объектісінің жер учаскесінің шекарасын белгілеу нақты кондоминиум үй-жайларының (қатысушыларының) меншік иелерінің не олардың өкілетті адамының өтініші бойынша заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7 Көппәтерлі тұрғын үйлер маңындағы аумақтың ұсынылып отырған алаңын айқындау жөніндегі есеп

7.1 Егер кондоминиум объектісінің жерге орналастыру жұмыстары жүргізілген жоқ және оның жер учаскесінің алаңы іргетас бойынша ғана есептеледі, онда кондоминиум үй-жайларының (қатысушыларының) меншік иелері облыстың, республикалық маңызы бар

қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстық маңызы бар қала әкімінің, кенттің, ауылдың, жер учаскесі орналасқан ауылдық округтің жергілікті атқарушы органға жүгіне алады, қажетті объектілер көрсетілген үйді пайдаланбастан, үй іргесіндегі аумақтың жоспарымен орналасқан орны бойынша мүмкін емес.

7.2 Жер учаскесін беру туралы жергілікті атқарушы органға жүгіну алдында кондоминиум оргманчын басқару органына немесе кондоминиум үй-жайларының (қатысушылардың) меншік иелеріне ұсынылып отырған үй іргесіндегі аумақты осы Нұсқаулықтың 7.5-7.6-тармағына сәйкес есептеуі мүмкін.

7.3 Ортақ үлестік меншіктегі үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне берілетін көппәтерлі тұрғын үйлердің іргесіндегі аумақтың ұсынылып отырған алаңы есептік әдіспен айқындалады түрлі қабаттылықтағы үйлерге арналған жер үлесінің үлестік көрсеткіштері шамасының негізіндегі, жаппай тұрғын үй құрылысының түрлі кезеңдеріндегі қала құрылысындық нормативтер.

7.4 Кондоминиум құрамына кіретін тұрғын үй-жайлардың 1м² алаңына келетін жер үлесінің үлестік көрсеткіштері, қабаттылыққа және құрылыс кезеңіне байланысты осы Нұсқаулықтың Ж Ережесінде келтірілген.

7.5 Кондоминиумдағы жер учаскесінің ұсынылып отырған көлемі осы кондоминиум объектісінің тұрғын үй-жайларының жалпы алаңын жер үлесінің үлестік көрсеткішіне көбейту жолымен мынадай формула (1) бойынша есептелдеді:

$$S_{\text{реком}} = S_{\text{к}} * \text{Уз.д. (1)}$$

мұнда,

$S_{\text{норм.к}}$ - кондоминиумдағы жер учаскесінің ұсынылып отырған көлемі, м²;

$S_{\text{к}}$ – кондоминиум объектісінің тұрғын және тұрғын емнес үй-жайларының жалпы алаңы, м²;

Уз.д – түрлі қабаттылықтағы үйлер үшін үй үлесінің үлестік көрсеткіштері.

7.6 Кондоминиум объектісі жер учаскесінің көлемдерін айқындау кезінде кварталдың құрамындағы жеке үйдің негізінде есептік формула(2) қолданылады:

$$S_{\text{к}} = \frac{S_{\text{кв}} - S_{\text{нж}} - S_{\text{застр}}}{S_{\text{обиц,здан}}} \times S_{\text{общ. к(2)}}$$

мұнда,

$S_{\text{к}}$ - кондоминиумдағы жер учаскесінің көлемі;

$S_{\text{кв}}$ - кварталдың, шағын ауданның жалпы алаңы;

Снж–кондоминиумға беруге жатпайтын барлық тұрғын емес аумақтардың жиынтықты алаңы;

Сзастр - кварталдың, шағын ауданның шекараларындағы барлық тұрғын үйлерді салудың жиынтықты алаңы;

Собщ.зд - осы кварталдың, шағын ауданның шекараларындағы барлық тұрғын үйлердің жалпы алаңы;

Собщ.к –кондоминиум тұрғын үй-жайлардың жалпы алаңы, ол жер учаскесінің ұсынылып ротырған көлемі есептеледі.

7.7 Кондоминиум құрамына кіретін тұрғын емес үй-жайлар үшін жер учаскелерінің көлемдерін (сауда-саттық кәсіпорындары, тұрмыстық қызмет көрсету және т.б.) айқындау осы үй-жайларды пайдалану жөніндегі талаптарды қамтамасыз етуді ескере отырып, (кіреберістерді ұйымдастыру, кіреберістер, көлікке арналған айналу алаңдары, жеңіл автомобильдерді қоюға арналған алаңдар және т.б.) қала құрылысы нормативтерінің негізінде жүзеге асырыладыжәнекондоминиумға кіретін жер учаскесінің шекараларын әзірлеу кезінде нақтыланады.

8 Көппәтерлі тұрғын үйдің іргесіндегі аумақты ресімдеудің құқықтық мәселелері жөніндегі ұсынымдар

8.1 Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу «Жылжымайтын мүлікке арналған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес, сондай-ақҚазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 24 тамыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеуережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2 Кондоминиум объектісінің жер учаскесін мемлекеттік тіркеу үшін кондоминиум қатысушылары немесе олардың өкілетті өкілітіркеуші органға мынадай құжаттар ұсынады:

1) осы Нұсқаулыққа берілген К қосымшасында көрсетілген нысан бойынша өтініш;

2) мемлекеттік кәсіпорын бекіткен, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік зерттеуді жүзеге асыратын әрбір қайталама объектінің алпаңын көрсете отырып, бастапқы объектінің техникалық паспорты;

3) жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары, егер кондоминиум объектісінің тіркеу сәтіне дейін жер учаскесіне арналған құқық тіркелмеген;

4) кондоминиум қатысушыларының келісімімен айқындалған не тұрғын үй қатынастары заңнамалық актіде көзделген ортақ мүліктегі үлес көлемі;

5) өкілдің жеке басы мен өкілдігін растайтын құжаттар.

8.3 Кондоминиум қатысушысы кондоминиум объектісін тіркеу туралы өтініш берген жағдайда, оның кондоминиум объектісін тіркеуге деген өкілдігі жылжымайтын қайталама объектісінің меншік иесі құқығындағы оған тиесілі құқық белгілейтін құжаттың нотпариалды расталған көшірмесімен айқындалады.

8.4 Кондоминиум объектісін тіркеу кезінде ортақ мүліктің құрамы (жер учаскесін қоса) мен ортақ меншіктегі әрбір үй-жайдың құқық иеленетін үлесінің көлемі айқындалады.

8.5 Үй-жайдың (пәтердің) әрбір меншік иесінің ортақ мүліктегі үлесіне (жер учаскесін қоса) құқығына оған тиесілі жылжымайтын мүлік объектісіне меншік иесінің бөлінген (жеке) меншік иесінен бөлінбейді.

8.6 Үлестің көлемі, егер кондоминиум қатысушыларының келісімімен өзгедей белгіленбесе, бөлек (жеке) меншік иесінде (өзге меншік құқығында) тұратын тұрғын үй-жайдың және тұрғын емес үй-жайдың пайдалы алаңдарына қатысты, кондоминиумның осы объектісінде тұратын барлық тұрғын үй-жайдың және барлық тұрғын емес үй-жайдың пайдалы алаңдарының солмасына қатысты айқындалады. Мұндай үлес шын мәнінде бөлінуге тиісті емес (нақты үлес).

Ортақ мүліктегі қайталама объектілерінің меншік иелерінің үлестерін есептеу формуласы осы Нұсқаулықтың Л қосымшасында келтірілген.

8.7 Кондоминиумның екі және одан көп объектілері қатысушыларының меншік иелерінің (ортақ жер пайдалану) ортақ үлесінде тұратын жер учаскесіндегі үлестің көлемі, егер кондоминиум қатысушыларының келісімімен өзгедей көзделмесе, екі кезеңмен айқындалады:

а) кондоминиум жеке объектісінің үлесіндегі бастапқы объектінің (бастапқы объектілердің) жалпы алаңының барлық бастапқы объектілердің кондоминиумдер барлық объектілерінің жалпы алаңдарының сомасына қатыстымен айқындалады. Жер учаскесіндегі кондоминиум жеке объектісінің үлесін есептеу формуласы осы Нұсқаулықтың М қосымшасында келтірілген.

б) кондоминиумның жеке объектісінің үлесіндегі қайталама объектісінің меншік иелерінің үлесі айқындалады. Мұндай үлес шын мәнінде (тамаша үлестен) бөліне алмайды. Жер учаскесіндегі кондоминиум жеке объектісінің үлесін есептеу формуласы осы Нұсқаулықтың Н қосымшасында келтірілген.

9. Көппәтерлі тұрғын үйлердің үй жанындағы аумағының алаңын айқындау есебінің үлгісі

Мысалы - 1) 1960 жылы салынған 5 қабатты 80 пәтерлі, пәтердің орташа алаңы (50 м²) -4000 м² болатын үйге арналған ұсынылып отырған жер учаскесінің көлемін айқындау

Осы Нұсқаулықтың Д қосымшасындағы кестеге сәйкес 5 қабатты үйлерге арналған жер үлесінің үлестік көрсеткіші- 1,34 тең.

Өйткені, ұсынылып отырған жер учаскесінің көлемі (1) формулаға сәйкес мынаны құрайды:

$$S_K = 4000 \text{ м}^2 \times 1,34 = 5360 \text{ м}^2$$

Мысалы - 2) Жер учаскесінің және нормативтен асатын аумақтың ұсынылып отырған көлемін айқындау, егер кондоминиум объектісінің мүлкі 9 қабатты үш үйдің үш тобынан тұрады, ол берілген аумақта орналасқан, әрқайсысының жалпы алаңы 5400 м² құрайды. 80-ші жылдардың құрылысы.

Берілген аумақтың алаңы 2,5 гектарды құрайды. Осы аумақта бала бақша орналасқан, оның жер учаскесі 3400 м²-ге тең. Тұрғын аумақтың нақты алаңы (бала бақшаны қоспағанда) 25000 — 3400 = 21600 м².-ге тең.

Бір тұрғын үй учаскесінің ұсынылып отырған көлемі (1) формулаға сәйкес мыналарға тең:

$$S_K = 5400 \times 0,98 = 5292 \text{ м}^2.$$

Үш тұрғын үйдің жер учаскелерінің жиынтықты ұсынылып отырған алаңы мыналарға тең:

$$S_K = 5292 \times 3 = 15876 \text{ м}^2.$$

Аумақтың нормативтен артық алаңы мыналарға тең:

$$21600 - 15876 = 5724 \text{ м}^2.$$

Әрбір тұрғын үй учаскесінің нормативтен артық көлемі мыналарға тең:

$$\frac{5724 \text{ м}^2}{3} = 1908 \text{ м}^2$$

Мысалы - 3) Квартал құрамындағы жеке үйдің базасында кондоминиум объектісі жер учаскесінің көлемін айқындау (2) формула бойынша есептеледі.

Шағын ауданның жалпы алаңы 5,0 гектарды құрайды. Бұл аумақта бала бақша, мектеп орналасқан, жер учаскесінің көлемі 7500 м²-ге тең. Шағын ауданның шекараларындағы барлық тұрғын үйлерді салудың жиынтықты алаңы – 3500 м² * 5 = 17 500 м², олардың тұрғын үй-жайларының жалпы алаңы 1500 м²-ді құрайды. Кондоминиум объектісінің тұрғын үйлерді салудың жиынтықты алаңы жер учаскесінің есептеліп отырған көлемі - 3500 м² құрайды.

$$S_K = \frac{50\,000 - 7500 - 17500}{15000} \times 3500 \text{ м}^2 \quad (2)$$

(2) формулаға сәйкес кондоминиум объектісінің нормативтік көлемі мыналарға тең: $S_k = 5600\text{м}^2$.

А қосымша
(ақпараттық)

Қаланың /облыстың/ауданның Әкімдігі

тегі, аты, әкесінің аты

(жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәлімет) тұрақты тұратын мекенжайы:

Байланыс телефоны:

**Көппәтерлі тұрғын үй орналасқан жерден
жер учаскесін беру туралы өтініш**

Шамамен алаңы _____ га болатын,

(көше, үйдің номері)

мекенжайында орналасқан жер учаскесін беруіңізді сұраймын.

Көппәтерлі тұрғын үйді үйге әіргелес аумақтарымен пайдалану мақсатында:

1. көппәтерлі тұрғын үйдегі үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналысының _____ жылғы шешімі, № _____ хаттама

2.

3.

4.

5.

(күні)

(қолы)

Б қосымшасы
(ақпараттық)

**Үй-жайлардың (пәтердің) меншік иелерінің
жиналысы хаттамасының Үлгі нысаны**

ХАТТАМА № _____

